

№4 Әдістемелік отырыс хаттамасы

Күні: ~~27~~ 03 2026ж.

Төрайымы: Өміртаева Сәуле Бауыржанқызы

Хатшы: Сейіткерім Пәкизат Саябекқызы

Күн тәртібі:

1. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу: есте сақтау, зейін, қабылдау қабілеттерін арттыру жолдары.
2. Сатылар арасындағы сабақтастық – білім сапасының кепілі.
3. Сабақтастық ұстанымдарын жүзеге асырылуы (1, 5, 10 сынып оқушыларының бейімделу үрдісі).
- 4.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Өміртаева С.Б. сөз сөйледі. Ол білім алушылардың оқу үлгіріміне жасалған мониторинг нәтижелерін таныстырды. Оқушылардың есте сақтау және зейін қою қабілеттерін дамыту үшін сабақ барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерге (ойын элементтері, цифрлық ресурстар) тоқталды.

II. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша математика пәні мұғалімі Омарбекова А.И. сатылар арасындағы сабақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Білім сапасын арттыру үшін бастауыш, негізгі орта және жоғары мектеп буындары арасындағы байланысты нығайту қажеттігі айтылды.

III. ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша психологтар Кемелова А.Б. мен Арингазина Д.Д. мен сынып жетекшілері 1, 5 және 10-сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделу деңгейі туралы есеп берді. Оқушылардың психологиялық жай-күйі мен сабаққа қатысу белсенділігі талқыланды.

IV. ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша мектептің әдістемелік кеңес жетекшісі сөз сөйледі. Ол мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және оқу процесін


сапалы материалдармен қамтамасыз ету мақсатында дайындалған келесі әдістемелік жинақтарды таныстырды:

- **Информатика пәні бойынша:** Мухамбетжанов А.Т. дайындаған әдістемелік жинақ. Жинақ заманауи цифрлық технологияларды сабақта қолдану және оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалардан тұрады.
- **Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша:** Жилкибаева А.К. дайындаған әдістемелік жинақ. Бұл еңбекте оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған деңгейлік тапсырмалар мен мәтінмен жұмыс істеу әдістері жинақталған.

Әдістемелік кеңес мүшелері ұсынылған материалдардың өзектілігін, мемлекеттік білім беру стандартына сәйкестігін атап өтіп, оң баға берді.

ШЕШІМ:

1. Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында әр сабақта зейін мен қабылдауды дамытатын жаттығулар жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Пән мұғалімдері сатылар арасындағы сабақтастықты сақтай отырып, оқу бағдарламаларының сабақтастығын қатаң бақылауға алсын.
3. 1, 5, 10-сынып оқушыларының бейімделу кезеңіндегі қиындықтарды жою мақсатында ата-аналармен және мектеп психологымен бірлескен жұмыстар жалғастырылсын.
4. Информатика пәні және орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша дайындалған әдістемелік жинақтар мақұлданын және оқу үрдісінде қолдану үшін бекітілсін.

Кеңес төрайымы:  Өміртаева С.Б.

Кеңес хатшысы:  Сейіткерім П.С.